



**M.S.NARIKBAEV ATYNDAGY
KAZGUU UNIVERSITETI
ИНКЛЮЗИВТИ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ**

2020

М.С.Нарікбаев атындағы КАЗГУУ Университетінің Инклюзивті білім беру саясаты

М.С.Нарікбаев атындағы КАЗГУУ Университетінің Инклюзивті білім беру саясаты
Академиялық және Зерттеу Кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылдың 10
қаңтардағы №16-хаттамасы).

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ: ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	4
2-ТАРАУ: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
3-ТАРАУ: ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	7

1-ТАРАУ: ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

- 1) Инклюзивті білім беру университеттің білім беру бағдарламалары мен білім беру ортасын ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың қажеттіліктеріне бейімдеуге бағытталған;
- 2) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адам түсінігі – қоғам өміріне толыққанды қатысуына кедергі келтіруі мүмкін ұзаққа созылған дене бітімі, ақыл-ойы немесе басқа да бұзылуы бар адамдарды қамтиды [БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясының 2006 жылғы 13 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 61/106 Қарарымен қабылданған 1бабы];
- 3) Кірігу (инклюзия негізінде) – адамды әлеуметтік топпен тепе-тең негіздерде өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін әлеуметтік топ құрамына енгізу;
- 4) Кіріктірілген білім беру – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың білім беру мекемесінің жағдайында білім алуда арнайы жағдайлар жасауы арқылы құрдастарымен бірлесіп білім алатын оқу процесін ұйымдастыру нысаны;
- 5) Қатынас жасау тілдерді, қолжетімді мәтіндік және мультимедиалық ақпаратты, ірілендірілген әріпті, Брайль әрпін, қолтілдесімін, сондай-ақ қарапайым тілдегі жазбаша немесе аудиомәтіндерді, кеңейтілген және баламалы тәсілдерді, қарым-қатынас құралдары мен форматтарын қамтиды, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қолдануды да қамтиды;
- 6) Тіл сөйлеу, ым-ишара және басқа да тілдік емес қарым-қатынас құралдарының түрлерін қамтиды;
- 7) Орынды бейімдеу ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде қамтамасыз ету үшін орынды толықтырулар мен түзетулер енгізу;
- 8) Әмбебап дизайн – толықтырулар мен түзетулер енгізбестен бұрын адамдардың кез келген тобы пайдалануы үшін барынша жарамды түрде бағдарламалар мен қызметтерді құрастыру;

Ұзақ мерзімді немесе қайталанатын бұзылулар

- 9) «Ұзақ мерзімді» бұзылуларға он екі ай бойы жалғасқан немесе жалғасуы мүмкін бұзылу жатады. Бұл анықтама тұрғысынан қысқа мерзімді немесе

уақытша ауру немесе жарақат бұзылу болып табылмайды, өйткені ол мүгедектіктің салдарынан деп қарастырылуы мүмкін;

- 9) Қайталанатын бұзылу – бұл ара-тұра қайталанатын нәрсе. Оның адамға әсері құбылмалы болса да, өзгермейтін негізгі шарттарды қамтиды;
- 10) Үдемелі жағдайлар – бұл дамуы, өзгеруі немесе қайталануы мүмкін жағдайлар. Үдемелі жағдайлары немесе аурулары бар адамдар мүмкіндігі шектеулі адамдар болып саналады, өйткені бұзылу адамның іс-әрекетін айтарлықтай шектей бастайды. Айқын белгілері жоқ немесе адамды айтарлықтай шектемейтін үдемелі немесе қайталанатын жағдайлар мүгедектік емес.

Бұзылу физикалық және/немесе психикалық болуы мүмкін

- 11) Дене бұзылуы деп ағзаның немесе дененің бір бөлігінің ішінара немесе толық қызмет етуінің жоғалуы түсіндіріледі. Ол есту және көру қабілетінің түрлі бұзылу деңгейлері, оқу және/немесе жазу бұзылуы және/немесе физикалық бұзылулардың кез келген басқа комбинациясы сияқты сенсорлық бұзылуларды қамтиды, бірақ тек сонымен ғана шектелмейді;
- 12) Адамның ойлау процестеріне, пайымдауларына немесе эмоцияларына әсер ететін клиникалық түрде танылған жай-күйлер психикасының бұзылуы деп есептеледі;

Елеулі шектеулер

- 13) Егер Университет ақылға қонымды шаралар жасамай, сол арқылы оқу процесін толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігінен адамды айырған жағдайда не адам өзінің оқу процесінде елеулі түрде шектелген болса, «Елеулі шектеу» туындайды.
- 14) Кемсітушілік - кемтар білім алушыларға/қызметкерлерге қатысты тікелей де, жанама да әркелкі қарым-қатынас. Университеттің лауазымды тұлғасы тарапынан тікелей кемсіту деп мүмкіндіктері шектеулі адамдарға/білім алушыларға соншалықты қолайлы емес қатынас түсіндіріледі. Жанама кемсіту адамды/білім алушыны қолайсыз жағдайға әкеледі және адамның мүмкіндіктері тең құқықтарды жүзеге асыруға кедергі болған кезде объективті емес болып табылады.

15) Бейімделген білім беру бағдарламасы - ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға арналған, олардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін және қажет болған кезде олардың әлеуметтік бейімделуіне көмектесетін білім беру бағдарламасы.

2-ТАРАУ: ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл Саясат ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың мүдделерін қолдау және ілгерілету мақсатында әзірленді.

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti университеттің ішкі құжаттарында және M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің Академиялық саясатында қамтылған қағидаттар мен құндылықтарды қабылдайды және ұстанады.

M.S.Narıkbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti барлық білім алушыларға тең мүмкіндіктер ұсынады және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға қатысты нәсілдік, ұлттық, этникалық, діни, жыныстық белгілері бойынша, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы, отбасы жағдайы, дене мүмкіндіктері, жасы немесе басқа да субъективті өлшемшарттары бойынша кемсітушілікке жол бермейді [КАЗГЮУ Академ. саясаты, 2-тарау].

Университет академиялық және университеттік өмірдің барлық салаларына қатысты ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Университет қажетті қызметтерді немесе оқуға көмек алуға ұмтылатын ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар өздерінің мүмкіндіктерін жақсы түсінетіндігін мойындайды, сондықтан университеттің жауапты тұлғаларын университет ішінде кездесетін қиындықтар туралы уақтылы хабардар етеді (растайтын құжаттарды ұсына отырып). Егер білім алушы өзінің жай-күйін жарияламауға қатысты шешім қабылдаса және тиісті растайтын құжаттарды ұсынбаса, Университет арнайы білім беру жағдайларын қамтамасыз етуге жауапты емес.

Өзінің ерекше қажеттіліктері туралы мәлімдеуге ниет білдірген білім алушы Студенттік істер департаментіне жүгінуі керек. Университет қызметкері қолайлы еңбек жағдайларын жасау үшін қажетті шараларды қабылдау үшін HR қызметіне жүгінеді.

Ерекше қажеттіліктердің бар екені туралы ақпаратты жария ету білім алушының/қызметкердің жазбаша рұқсатымен және оның мүддесі үшін ғана жария етіледі.

Бұл Саясат университет қауымдастығының барлық мүшелеріне қолданылады. Тиімді қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында университеттің әрбір құрылымдық бөлімшесі Саясаттың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, инклюзивті білім беру саласында бөлімше жұмысын реттейтін, өзіндік, құжаттарды әзірлейді және/немесе білім беру қажеттіліктері ерекше адамдардың мүддесі үшін осы Саясатты ескере отырып, бөлімшенің ережесін толықтырады. Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы осы бөлімшеге қатысты өз қызметкерлері арасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар мен бөлімшенің жұмысына қатысты ақпаратты жеткізуде жауапты болады.

3-ТАРАУ: ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктерін анықтау және оқыту нәтижелерін бағалау жыл сайын немесе семестрлер бойынша жүргізіледі.

M.S.Narıkbaev atyndaғы KAZGUU Universiteti-нің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге арналған инклюзивті білім беруді іске асырудың негізгі шарттары:

- Әркімге жеке қарым-қатынас;
- Университет пен қоғам өміріне қатысу үшін студенттерді білім беру ортасына кіріктіру;
- Білім беру мәселелерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерді тиісті қолдауды қамтамасыз ету және ата-аналарды білім беру процесіне қатысушылармен тең дәрежеде тарту;
- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар студенттерге арналған білім беру бағдарламаларында оқыту траекториясын сабақты өткізу нысандарына, бағалау өлшемшарттарына, курс саясатына және т.б. қатысты өзгерту;
- Барлық оқу кезеңі бойына Жоғары мектептер, медициналық пункт, ХҚКО, Студенттік істер департаменті, Стратегиялық жоспарлау және персоналды басқару департаменті, Ақпараттық технологиялар бөлімі (IT), М.С. Нәрікбаев атындағы кітапхана, Қауіпсіздік қызметі, Шаруашылық бөлімі және Университеттің басқа да бөлімшелері тарапынан қолдау және сүйемелдеу;
- Қажеттілігі анықталған жағдайда ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін Университетте инклюзивті білім беру үйлестірушісінен, медицина

қызметкерінен, психологтан, мектеп әкімшілігінің өкілінен, ата-ана мен студенттен тұратын топ құрылады;

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қажеттіліктерін анықтау және оқыту нәтижелерін бағалау жыл сайын/немесе семестрлер бойынша жүргізіледі.